



ӘОЖ 78.08:801.81.

Елтаева Ж.Қ.

**«ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН
СҰЛУ» ЖЫРЫНЫҢ
ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫНДА**

В статье рассматривается история исследования лироэпоса «Козы Корпеш – Баян сулу» и его параллели у тюркских народов.

The history of research of lyric-epos “Kosy-Korpesh-Bayan sulu” and its parallel at Turkic nation are considered in this article.

Адамзат өмірінің көркем шежіресі - әдебиеттің асыл туындылары әр халықтың есте қалмаған ерте кездерін бүгінгі күнімен жалғастырып тұратын алтын көпір сынды. Күн артынан ай, ай артынан жыл, ғасырды ғасыр алмастырып, адам баласының басынан небір қилы заман өткенімен, таулар аласарып, өзендер арнасын өзгерткенімен, санадан өшпей, жүректе ұмытылмай ұрпақтан - ұрпаққа жеткен көне шығармаларды, әдеби мұраларды адамзат баласы аса қастерлейді, ардақ тұтады.

Қазақ халқымыздың ең бір көне де көркем үлгісі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры да - әлемдік деңгейде танылған әдеби туындылар қатарынан орын алатын рухани асыл мұра.

Қозы Көрпеш пен сұлу Баянның асыл махаббаты туралы осынау мұңлы дастанға азиялық, еуропалық зерттеушілердің ертеректен-ақ назар аударған. Бүгінгі күні отызға тарта нұсқасы белгілі болып отырған жырды алғаш хатқа түсірген ғалымдар Г. Саблуков (1830), Ф. Дербісалин (1834), А. Фролов (1841), М. Путинцев (1856) болса, Н. Костылецкий ұлы эпосты Шоқанмен бірге зерттеп, оның ежелгі нұсқаларының бірін орыс тіліне аударған. Атақты В. Радлов оның орыс және неміс тілдеріндегі үлгілерін өзінің шығармалар жинағына енгізді.

Әлемдік биіктен танылған бұл шығарманы зерттеуге өз үлесін қосқан, ол турасында құнды зерттеу еңбектер жазған қазақ қаламгерлері мен ғалымдары Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, Ә. Марғұлан, Ғ. Мүсірепов, Ы. Дүйсенбаев, М. Ғабдуллин т.б.

Шоқанның досы, белгілі орыс ғалымы Григорий Потанин оны «дүние жүзіндегі ең қымбат әдебиет мұраларының бірі» деп, «Ромео мен Джульеттаға» теңесе, М. Әуезов шығыс поэзиясының жауһарлары «Ләйлі – Мәжнүнмен», Низами жырлаған «Хұсрау – Шырынмен», Науаидың «Фархад - Шырынымен» үндестігін айтады [1.33]

Шөже ақын жырлаған ең ескі үлгілерінің бірі :

Жарасқан нар түйеге биік өркеш,
Жырласам, жұрт тыңдайды ертелі – кеш.
Екеуін сәтті күні құдай қосқан,

Баянға ғашық болған Қозы Көрпеш, [2.8] – деп басталатын махаббат туралы сырлы дастан өзінің мың жарым жылдық тарихында естігенді елендетпей, жырлаушының да, тыңдаушының да жүрегін жаулап, тебіrentпей қалған емес. Оған өз заманында Абай, Пушкин сияқты алыптар да ден қойып, өздері естіген нұсқаларының қағазға түсуіне ықпал еткен.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының қай кезде пайда болғаны жөнінде ғалымдар әр түрлі болжам айтады. Кейбір зерттеушілер бұл жыр



Жошы ұлысында пайда болған деп пайымдаса, екінші топтағылар оны Ноғайлы дәуіріне жатқызады. Үшінші топтағы ғалымдар жырдың пайда болуын Қазақ хандығымен байланыстырады. Бұлардың бәрінен өзгеше пікірді Әлкей Марғұлан ұсынады. «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» көне сюжеті бізін заманымыздан 1-3 ғасыр бұрын пайда болған дей келіп, Ә. Марғұлан былай деп жазады: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының қай кезде шыққанын жақсылап айыратын белгінің бірі – оның күмбезі. Бұл күмбез - өте ерте уақытта, исламнан көп бұрын, ғұн заманында не Түркі қағанаты кезінде тұрғызылған белгі. Осы еңбегінің тағы бір жерінде Ә. Марғұлан бұл күмбездің, ондағы тас мүсіндердің жасалған мезгілі – Түрік қағанаты, яғни, VI – VIII ғасырлар шамасы деп нақтылап айтады [3.16]

Қазіргі таңдағы түркі халықтарындағы нұсқаларды жалпы мазмұны, кейіпкерлері мен жер-су атаулары бойынша салыстыра қарасақ, «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» түпкі сюжеті, сонау Түркі қағанаты тұсында пайда болғанына көз жеткізе аламыз.

Көне сюжеттің мифологиямен аралас болып келуі және оның біздің заманға жетуі. Бұл, әсіресе, алтайлықтардың және башқұрттардың нұсқаларында кездеседі. Алтай фольклорында жырдың екі нұсқасы бар: «Қозын Эркеш » және «Қозюйке». Алғашқысы алтайлықтардың өз версиясы да, екіншісі – қазақ эпосының әсерінен туған шығарма. Алтайлықтардың өз версиясы – ең көне нұсқа, мұнда түркілерге тән ескі мифтік ұғымдар көп. Мәселен, Қозын Эркеш анасына көнбей, қалыңдығын іздеп шығады. Жол бойы анасы біресе бұлыңғырға, біресе түлкіге айналып, баласын райынан қайтармақ болады. Адамның оп – оңай аңға, тасқа, жұлдызға айналуы – ежелгі мифке тән екенін білеміз.

Ал, башқұрттың «Қозы Көрпеш – Маян Һылуы» қара сөз түрінде баяндалады. Мұнда да мифтік түсініктер сақталған. Қозының қалыңдығын іздеп шыққан сапарында құдіреттің күшімен алуан түрлі ғажайып кедергілер жасалады. Жалпы, қияли кездер жиі кездеседі.

Барлық ұлттық версияларда кейіпкерлердің есімі бірдей десе де болады, тек фонетикалық айырмасы бар. Мысалы, алтайлық эпоста – Қозын Эркеш (Қозы Көрпеш), Байым Сур (Баян сұлу), Қодыр уул (Қодар құл), Қарааты хан (Қарабай), Ақбөке (Сарыбай). Татар дастандарында Қозы Көрпеш, Ақ хан, Қара хан болып келеді. Кейіпкерлердің есімдерінің өзінде ежелгі заманның дуалистік ұғымы жатыр: Ақ хан – Қара хан, Қарааты хан – Ақбөке, Қарабай – Сарыбай. Мұндағы ақ – қара түстің егіздеп қолданылуы да жырға көнелік сипат береді. Оның үстіне қазақ жырының бір вариантында «Қарабайдың арғы тегі – түрікпен еді » - делінеді. Бұл да эпостың байырғы түркілік тәркініне мензейді. «Түрікпен» дегені – түрік дегені. [1.45]

Көптеген нұсқаларында оқиғаның өтетін негізгі мекені, әсіресе, сюжеттің басталуы – Ертістің жоғарғы жағы мен Алтай манаы. Мұзтау - Қозыдан Қарабайдың қашып баратын жері болып әңгімеленеді. Мұзтау – Алтайдың ең биік шыңы. Мұзтаудың төңірегі Ежелгі түркілердің Өтукені екен.

Барлық халықтың версиясында сюжет – біреу: жігіттің үйленуі. Аталған сюжет - өте ерте заманнан келе жатқан және әлемнің көптеген елінде жырға негіз болған. Түркі халықтарында жігіттің үйлену тарихы екі түрде баяндалады. Бірі – ерлік көрсету арқылы үйленген жігітті мадақтаса, екіншісі – қызды іздеп, алуан түрлі қиындыққа кездесіп, қиналып барып үйленген жігіт туралы әңгімелейді. Біріншісі – түркі халықтарының бәрінде бірдей болып келсе, екіншісі әр халықта әр түрлі сипатта айтылады. Ғашықтықпен үйленген жігіт туралы шығармалар қазақ, башқұрт, түрікпен сияқты елдерде көбінесе таза фольклорлық формада болып келеді. Ал, өзбек, азербайжан, түрік секілді елдерде ол, негізінен, кітаби түрде болып келеді, яғни, әдебиеттен тараған шығармалар («Жүсіп – Зылиқа», «Фархад – Шырын», «Таһир – Зуһра», т.б.) [4.23]

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының барлық нұсқаларында ғашықтарға қарсы істелетін әрекеттер өте ұқсас келеді. Баста қыздың әкесі қарсы болады, одан кейін қыздан үміткер жігіт қарсы. Баянға қас әйелдің ісі, Шоқтеректе жатқан Қозыға жасалған қиянатшылық – бәрі жыр сюжетінің бір түбірден шыққанын баяндайды.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының түпкі сюжеті алғаш рет түркі жұртының бірлігі тұсында, яғни, Түркі қағанаты кезінде пайда болғанын көрсетеді. Әрине, бұл жерде жырдың бүгінгі бізге жеткен нұсқасы туралы емес. Әңгіме – ең алғашқы, түпкі сюжет жайында. Бүгінгі халге жеткенге дейін бұл жыр ұзақ жолдан өткен, бірнеше тарихи кезеңді басынан кешірген.

Жырдың басты тақырыбы – сүйіспеншілік мәселесі жаңаша, сол кезеңге сәйкес, түсіндіріліп жырланады. Қозы мен Баян өздері танысқан қыз бен жігіт емес, екі әкенің сертін орындаушылар болып суреттеледі. Сөйте тұра, олар бірін-бірі көргенде үлкен сезімге бөленіп, шын ғашықтарға айналады. Жалпы, бізге жеткен жырда махаббат пен имандылық, адалдық пен адамгершілік мәселелері ең басты, ең негізгі болып көрсетіледі.



Сонымен, XVIII - XIX ғасырда «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры ежелден келе жатқан сюжетті мүлде жаңа сапаға көшіреді, жаңаша әңгімелейді. Жігіттің үйленуі туралы ескі әңгіме ендігі жерде махаббат үшін күрескен екі жастың тағдырын баяндайтын әдемі жыр ретінде орындалатын болады. Талантты ақын – жыршылардың арқасында бұл шығарма елдің сүйіп тыңдайтын жырына айналып, күллі Қазақстанға тарайды. Орыстың ұлы ақыны А.Пушкиннің бұл жырдың мазмұнын Орал өңірінен жаздырып алуы – осының айғағы [5.50]

Қазіргі кезде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының бізде хатқа түскен 33 мәтіні бар. Татар халқында 28 текст болса, башқұртта 10 шақты. Алтайлықтарда аздау. Осы елдердің нұсқаларын салыстырып зерттегенде көптеген ұқсастық көзге айқын көрінеді. Олардың көнелері – ежелгі бірлік кезінің куәсі болса, біразы ағайынды халықтардың кейінгі заманда бір-біріне жасаған ықпалының да көрінісі сияқты. Бұған таңдануға бола қоймас. Соңғы 2-3 ғасыр бойы қайтадан бір мемлекеттің құрамында болған қыпшақ тілді түркілер өзара байланысын күшейте түскені анық. Бір ғажабы, ғалымдардың дәлелдеуіне қарағанда, қазақ жыры қаттырақ әсер етіпті. Алтай-кижи мен Сібір татарларындағы нұсқаларында қазақ эпосының әсері айқын сезіледі. Тіпті башқұрт версиясында қыздың әкесі – қазақ болып бейнеленеді. Қазақ жырының әсері соншалықты басым болуының басты себебі, біздің ойымызша, Қазақ хандығында көне түркілердің өмір салты молырақ сақталуы және эпикалық дәстүрдің биік шыңға көтерілуі әрі қазақ эпосының көркемдік – эстетикалық қуатының молдығы.

Жырда айтылған екі жастың бір-біріне деген сүйіспеншілігін, ата-аналарына, халқына, еліне, салт - дәстүрлеріне құрметпен қарауы үлгі тұтарлық.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастаны қазақ әдебиетінің зор мұрасы.

Әдебиеттер:

1. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосы және түркі әлемі. Құрастырғандар: Зәки Ахметов, Сейіт Қасқабасов, Серік Қирабаев, Серікқазы Қорабай, Әбділхамит Нарымбетов. – Алматы: «Интерпринт», 2003.
2. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастаны. – Алматы: «Жазушы», 1967.
3. Марғұлан Ә., «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» кешені. – Алматы: «Өнер», 1994.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақтың «Қозы Көрпеш» жыры туралы. - Алматы, 1953.
5. Әуезов М. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу». 20 томдық шығармалар жинағы. 17 том. – Алматы: «Жазушы», 1985